



ТАБИҒАТ БҰРЫШЫНДА ЕҢБЕК ЕТУДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ -ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУЫ БОЙЫНША

Нұсқаулық балалардың шаруашылық құралдарымен жарақаттану, жануарлардың тістепалу жағдайларының алдын алу мақсатында әзірленді.

1. Табиғат бұрышында жұмыс істегенде халатнемесе алжапқыш кию керек.
2. Еңбек ету үшін материалдарды алу ыңғайлы болатындай етіп орналастыру керек.
3. Жұмыс істеу ыңғайлы болатындай тұру керек (арнайы сүйеніштерде, орындықтарда).
4. Өсімдіктерді, көшеттерді отырғызу кезінде міндетті түрде қолғап кию керек.
5. Тәрбиеші түсіндіріп, көрсеткеннен кейін ғана табиғат бұрышында жұмыс істеуге кірісу керек.
6. Жануарларды тордан алып шыққанда, оларды тістеп алмас үшін шүйдесінен ұстау керек.
7. Сүтқоректілердің торлары мен қоршауларын қолғап киіп тазалау керек.
8. Жақында ұрпақ әкелген аналықтарды қоршаудан шығаруға болмайды, тістеп алуы мүмкін.
9. Құмырадағы топырақты шашыратпай, тамырларына зақым келтірмей, өсімдіктердің топырағын мұқият қопсыту керек.
10. Құрал-жабдықтарды (материалдарды) тек міндетіне сәйкес пайдалану.
11. Балалардың шамасы келетін жұмыс түрлері және олардың барысында туындауы мүмкін қауіптер:

№	Жұмыс түрлері	Ықтимал қауіптер
1	Өсімдіктерді суару	құмыраның құлауы, киіміне су төгіп алу, өсімдіктермен улануы
2	Өсімдіктерді қопсыту	қопсытуға арналған таяқшалармен дене бөліктерін жарақаттау (әсіресекөз, бас)
3	Өсімдіктерді қайта ғызу	дене бөліктерін жарақаттау; топырақтың көзге, ауызға, құлаққа түсуі; киіміне су төгіп алуы
4	Балықтарды қоректендіру	Балықтарға арналған азықпен улану; киіміне су төгіп алу аквариумнан лас судың аузына түсуі
5	Жануаларды қоректендіру	жануарлардың тістеп алуы; жануарларға арналған азықпен улану, жануарлардан қандай да бір ауруларды жұқтыру

12. Табиғат бұрышында жұмыс істеген кезде бір-бірін итеруге, құралдарға таласуға, аузына заттарды алуға болмайды.
13. Жұмысты аяқтағаннан кейін халатты шешіп, орнына қою керек.
14. Қолды міндетті түрде сабынмен жуу.
15. Қандай да бір жарақаталған жағдайда тәрбиешіге айту керек.